

В НОМЕРЕ:

5

Аяз атамен сұхбат

11

Метелица и Дед
Мороз

16

Самые знаменитые
Тигры

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№23-24

(354-355)

от 30 декабря
2021 года

сенің әлемін

Құрметті оқырмандар!

Сіздерді Жаңа 2022 жылыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Баршамыз Жаңа жылмен бірге ізгі жаңалықтардың келуін күтеміз. Келер жаңа жыл барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін. Жетістіктерге толы болсын. Сіздерге зор денсаулық, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке, ашық аспан, шуақты күндер тілейміз!





Государственные праздники



В этом году наша страна отмечает знаменательную дату – 30 - летию Независимости. День Независимости Казахстана – главный национальный праздник Республики Казахстан. Эта дата отмечается в нашей стране ежегодно 16 декабря. Дата для проведения Дня независимости Казахстана была выбрана не случайно. 16 декабря 1991 года Верховный Совет Казахстана принял закон о Независимости и государственном суверенитете Республики.

В преддверии Дня Независимости и Дня Первого Президента, в рамках республиканской программы «Рухани Жаңғыру» областного проекта

«Менің туым» в нашей школе проводится акция «Отан туым». Учащиеся 1-5-х классов совместно с классными руководителями и лидеры «Жас Ұлан» школы изготавливают флаги в технике рисования, размещают их на окнах школы, как символ приближающихся государственных праздников. Учащиеся 1-11-х классов изготовили сувенирные флажки для использования их на торжественных мероприятиях.

Всех жителей нашего государства поздравляем с праздниками! Желаем мира и процветания!

**Молодая В.К., старшая вожатая
Береговая СОШ района
Тереңкөл**

Веселые приключения

Ценность каждого человека – здоровье. Вырастить ребёнка сильным, крепким, здоровым – это желание родителей и одна из ведущих задач, стоящих перед дошкольной организацией. Именно поэтому в нашем мини-центре «Солнышко» при КГУ «Михайловская СОШ» в группе «Қарлығаш» проходит каждый год спортивное мероприятие. Вот и в этом году провели мероприятие «Весёлые приключения».

Участников ждало много приключений! В гости пришел Пе-

его найти нужно пройти болото, затем собрать на полянке грибы. Выполнив все задания, мы с ребятами громко звали зайчишку, нашли его спящим под деревом. Все старались изо всех сил. Ребята показали ловкость, быстроту и сообразительность. И вернулись мы в садик под песню «Бибика».

Все почувствовали атмосферу праздника, сердечности и доброжелательности, взаимного уважения и понимания. Будем также продолжать укреплять здоровье наших детей.



труска и провел с нами игры «Солнышко и дождик», «Кошка и птички». Затем раздался стук в дверь, и к нам пришла Зайчиха с бедой, у нее убежал зайчишка-шалунишка в лес, и чтобы нам

**Долгаева Л.А.,
воспитатель мини-центра
«Солнышко»
при КГУ «Михайловская СОШ»
Железинский район**

В лесу родилась Елочка, и пусть она растет....

В средней общеобразовательной школе им. М. Алимбаева особое внимание уделяют экологическому воспитанию подрастающего поколения. Проблемы экологии и сохранении жизни нашей планеты обсуждаются всем миром. Наши ученики также встали в ряды активных борцов за сохранность всего живого на земле. В школе была организована предновогодняя экологическая акция.

Цель акции – привлечение внимания населения и, в первую очередь, маленьких граждан, к проблеме вырубке елок в канун Нового года через добрые экологические дела, создание радостного настроения от совместной деятельности детей и родителей в преддверии праздника, развитие фантазии, воображения, творческого подхода при выполнении задания.

В акции принимали участие педагоги, ученики и родители. В ходе акции в школе раздавали листовки «Сохраним живую природу», провели беседу «Сохраним елочку – красавицу наших лесов», ситуативный разговор «Что будет, если каждый срубит одну елочку в лесу?»,



читали книги и стихотворения, содержащие призывы беречь ели в лесу. Самым важным мероприятием стало привлечение всех детей и их семей к изготовлению ёлочки своими руками. Работы получились необычные из самых обычных материалов. В школе организовали выставку Новогодних красавиц, а дети читали стихи и пели песни.

Итогом акции стал новогодний праздник, который прошел в каждом классе. В школе царил праздничная новогодняя атмосфера, и главное – каждый понимал свою значимость и личный вклад в сохранение живой природы, бережное отношение к зеленым насаждениям.

**Камиева С М, Колесник Н В,
Коротяева О А.
учителя начальных классов
СОШ им. М. Алимбаева
г. Павлодар**

Синичкин день

Зима опасна для птиц не только холодами, отсутствие еды – ключевая причина гибели птиц. Птицам трудно прокормиться, ведь аппетит у них огромный, а корма, особенно в зимнюю пору, не хватает. Поэтому многие птицы, найдя еду, сразу сообщают об этом остальным – криком подзывают их. Помогая друг другу, птицы доживают до весны.

В этом случае – человек имеет возможность помочь пернатым пережить зиму. Строительство кормушек – это не только полезное дело, но и способ научить детей состраданию и заботе о ближнем, если объяснить им, с какой целью вы строите кормушку, и активно привлекать их к помощи в этой работе.

Несколько дней ребята вместе с родителями мастерили кормушки для зимующих птиц. Кормушки получились оригинальными. Их сделали из картонных коробок. У каждого на свой вкус! У Ярослава кормушка в виде совы, присвоена номинация «Самая оригинальная», Артем сделал кормушку в виде девочки с длинными волосами, присвоена номинация «Креативная кормушка», у Томирис кормушка выполнена в виде Но-



вогоднего кафе, ей была присвоена номинация «Эко - кормушка».

Кормушки разместили на территории мини-центра, повесили на деревьях, как раз напротив окон, чтобы знать, какие птицы прилетают и какой корм едят.

Подкармливать птиц в холодное время года необходимо, чтобы они не погибли от голода.

**Долгаева Л.А., воспитатель
мини-центра
«Солнышко» при КГУ
«Михайловская СОШ»
Железинский район**

Защита Start-up проектов

В рамках областного проекта «Bala business» в районе Аққулы прошел отборочный этап защиты Start-up проектов. Участники конкурса показали свои бизнес-проекты в сфере услуг, производства, торговли, общественного питания, развлечений и бизнеса и т.п. А также представили финансовые и бизнес-планы. Каждая работа учащегося рассматривалась согласно требованиям положения: соот-

ветствие возрасту, полнота открытия бизнес-проекта, пригодность проекта к современным экономическим и экологическим потребностям, структура и последовательность, учет рисков и экономической эффективности и актуальности.

Учащаяся Потанинской школы Валиева Дильназ представила проект «Мыло ручной работы», Хахлова Мария, учащаяся Ямышевской школы представила бизнес проект по изготовлению

банбанышек, метрик и других праздничных оформлений к любому празднику. Если учащаяся Казынской школы презентовала серию героев мультфильмов вязанием крючков, то учащаяся Жанатанской школы Ақниет Тілеубекова презентовала несколько видов дидактических игр для развития мышления детей дошкольного возраста из фетра. По итогам отборочного конкурса 1 место заняла учащаяся Потанин-

ской школы – Валиева Дильназ. 2 место – учащаяся Ямышевской СШ – Хахлова Мария и учащаяся Казынской школы Нурғалиев Шыңғыс и Жачина Анель, 3 место – учащаяся Жанатанской школы Тілеубекова Ақниет и учащаяся Лебяжинской школы Ванаева Русана и Валиева Алина.

**Асем Оспанова,
методист отдела
образования района Аққулы**



«Бала құқығы – адам құқығы» республикалық айлығы

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыруға, әрине, бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған Мемлекет басшысының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы осының дәлелі болатыны айтпаса да түсінікті. Осы кезекте республикамыз бойынша дәстүрлі шаралар жылда өткізіліп отырады. Солардың бірі оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, бала құқықтарына байланысты БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелері туралы білім деңгейлерін арттыру, өз құқығын білу және өмірде қолдануға баулу мақсатымен 20 қазан мен 20 қараша аралығында

«Бала құқығы- адам құқығы» атты айлығы. Айлық барысында балалық шақтың өзекті мәселелерін барынша қамту үшін іс-шаралар бірнеше бағыттарды қамтуда. Шарада «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы-бақытты ел», «Тәуелсіз елдің ұрпағы», «Балалық шақты бірге қорғайық», «Балалар мүддесі үшін», «Құқық сабақтары-өмір сабақтары» тақырыптар жоспарға алынып, мектебімізде алғашқысы болып «Мен бақытты баламын» бейнероликтер конкурсы ұйымдастырылды. Бұл конкурста мектепалды даярлық топ бүлдіршіні Темірхан К. 2-сынып оқушылары Арыстанбеков Д., Қайырбек Е. мен Есенәлі Б. балалық шақтың көңілді де, бақытты кезеңдерінен түсірілген естелік видеоларын

әсем әуендермен сүйемелдеп жеткізе білді. Ата-аналар мен оқушыларға заң білімі саласына мағлұмат бере отырып, бала құқықтарын жете білуге ықпал етіп, құқықтық білімдерін толықтыру мақсатында «Құқық сабақтары - өмір сабақтары» бағытымен 3-қараша күні, мектептің «zhelezin_3_mektep» инстаграм әлеуметтік парақшасында Железин аудандық полиция бөлімінің көмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция лейтенанты Н.Т.Турдыбековамен тікелей эфирде «Құқық туралы не білесің?» атты ақпараттық дөріс өтті. Дөрісте Балалар құқықтары туралы конвенцияда көрсетілген баптармен таныстырылып, конвенцияда адам құқығын құрметтеуге, баланы ата – анасынан, олардың

мәдениетіне, тіліне, өзі тұратын елдің ұлттық байлығына, қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу жөнінде айтылғаны туралы түсіндірілді. Отанымыздың ертеңі де, өркені де – бүгінгі ұрпақ, сол ұрпақтың құқықтық сауаттылығы мен тәлімі мен тәрбиелі болуы алдыңғы толқынның парызы десек еш қателеспейміз. Мемлекет басшысы өзінің «Ұлы дала ұлағаттары» атты кітабында ұрпаққа қызмет көрсету сөз емес, істе басым тұру керектігін тартқата келіп: «Жастар біздің болашағымыз» дегенді жиі айтып жүреміз. Алайда айту бар да, оның мағынасына терең бойлау тағы бар, осының негізінде мұндай мағыналы шара қараша айының соңына дейін өз жалғасын табады.

Діни сауаттылықты арттыру бүгінгі күннің басты талабы

Мектеп оқушыларының діни наным-сенімдерді ажырата білуге, жат діни ағымдардан аулақ жүруге үйрету. Ислам діні туралы түсініктерін кеңейту, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, тіл мен дінін, салт-дәстүрін құрметтеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында мектебімізде діни экстремизм мен терроризм көріністерінің алдын алу ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша жоспарлы іс-шаралар жылма-жыл жүзеге асырылып отырады.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білікті, алғыр әрі жалынды жастар қолында екені анық. Қай заманда да қоғамның негізгі қозғаушы күші – кейінгі ұрпақ. Бүгінде Тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай

қалыптастыру, рухани және адами қасиеттерді орнықтыру басты мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан келешек ұрпақтың діни сауатты болғаны қоғамның тұтастығы мен тұрақты дамуының кепілі болып табылады. Діни сауаттылықтың негізі мектептен қалануы тиіс. Сондықтан барлық мектептерде 9-сынып оқушылары үшін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы негізінде «Зайырлық және дінтану негіздері» курсы оқушылардың оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларға этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу бағытында жүргізіледі. Мектебімізде сабақтан тыс қосымша «Діни экстремизм және терроризм дегеніміз не?» интеллектуалды сайыс, оқушыларға діннің адам өміріне тигізер

ролімен таныстыра отырып, имандылыққа, адамгершілікке баулу. Жас өрендерді өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында «Дәстүр және дін» тақырыбында өнеге сағаты өтті. Сабақ барысында «Ой қозғау стратегиясымен», «Қатерліжихадизм» бейнефильмі көрсетіліп, фильмнен көргендерін өздерінің дінтану сабағындағы білімдерімен ұштастыра білді. Шараны ауылымыздың құрметті азаматы М.Х.Бағжиков пен ата-ана Т.И.Кусаинов және дінтану пәнінің мұғалімі Ж.Б.Сағандықова өткізді. Жоғары сынып оқушылары үшін «Адақандар» спектакль қойылымын бейнеролик көрсетіліп, туындыда Алланың ақиқатын түсінбей, жастықпен өрескел қателікке бой беріп жүрген жастар ісінің қандай қатерге әкеліп соғатынын ашып көрсеткенін



көрген оқушылар ойларындағы түсініксіз сұрақтарды қойып, бір-бірімен пікірлесіп, ой бөлісті.

Мағынасы мен мазмұны терең, тәрбиелік мәні зор осындай шараларды өткізу арқылы біз ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақты ел болашағына дайындай аламыз деген ойдамын.

Болашақты болжаған кемел еңбек

Еліміздің ардақты азаматы, халық қалаулысы, кеудесіндегі жұдырықтай жүрегі халқым, қазағым деп соққан, өзі туып өскен ауылына ұйытқысы болып жүрген, Железин ауданының тумасы, кешегі осы ауылдың түлегі, бүгінгі білікті маман, яғни өмірін еңбекпен өрнектеп, биік жетістіктерге жеткен біртуар азаматымыз туған елге ат басын бұрған шақта, «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан шығады» демекші, ұлттық білім ордасы, Айтуған Абылаулындай асыл азаматымызға құрмет көрсетуді өзімізге парыз деп санап, арнайы дөңгелек үстел өткізуді жөн деп санадық.

Жас ұрпаққа Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті

тұлға екенін таныту, елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, Болашағын болжап кемел еңбегіне сенген еліміз бен Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу және аудан әкімі А.А.Шайхимов ағаларының еңбек жолымен сұхбаттаса отырып, түлектерге мамандық таңдауда, бағыт бағдар беру мақсатында «Болашақты болжаған кемел еңбек» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шараның алғашқы «Кемел еңбек» айдарында Айтуған Абылайұлы үлгі етерлік, өміріндегі еселі еңбегінің сара жолын, әр жылдармен келген еңбектің нәтижесі мен жетістігін оқушыларға әңгімелеп берді. Оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру жолында, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркін жағдайында кәсіптік өзін-өзі анықтау керектігі туралы кеңестер берді. Әр сөзінде қандай да бір жетістікке жету үшін, көп еңбек пен талпыныс, бір орнында тоқтап қалмай, жаңашылдыққа әрдайым ұмтылыс үстінде болып, іздену керектігін тілге тиек етті.



Шарамыздың келесі «NN» бірегей кітаптар сөйлейді» айдарымен мектеп оқушылары Елбасының туындыларынан «Бейбітшілік кіндігі», Қазақстан жолы», «Ғасырлар тоғысында» кітаптарынан оқып, түсінгендерін ортаға салып, сұрақтар қойып, аудан әкімімен сұхбат жүргізді. Оқушыларды қызықтырған сұрақтарға аз ғана уақытта таза жүректен, шынайы көңілмен және өмірдегі өз тәжірибесімен байланыстыра жауап берген ел ағасының оқушыларға берген тәлімі мен тәрбиесі мол.

Шара соңында «Мамандық

шыңы» баспалдақтар айдарымен 11-сынып оқушыларына бағыт-бағдар беріп, әдемі түйінді түсініктермен саралай отырып, қорытынды тапсырманы бірге орындап, Е.Хасанғалиевтің жан тебіренер «Атамекен» әнімен, Тәуелсіз Қазақстан жасасын! Еліміз, Елбасымыз аман болсын! деген тілекпен шарамыз өз мәресіне де жетті.

Бетті әзірлеген:
Железин ауданы, М.Дулатұлы
атындағы ЖББОМ
БТІЖ орынбасары
С.Сеулханова





№№23-24

(354-355)

от 30 декабря
2021 года

ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМ

Баянтау газетінің 90 жылдығына орай

Қараша айында Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы мәдени сауықтыру орталығында Баянтау газетінің 90 жылдығына орай «Жинақтаған шежірелі жылдарды...» атты концерттік іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шараның басты мақсаты жас ұрпақты газет өмірімен, қызметкерлердің атқарған жұмыстарымен таныстыру, көркем сөз шеберлерінің

өмірін үлгі ету. Аталған іс-шара Баянтау газетінің бас редакторы Еламан Қабділәшімнің бастауымен ұйымдастырылған. Баянтау ауданының мектептерінен келген жас тілшілер «Баянтау» газетінің редакциясының қызметкерлерінен газеттің тарихы, өздерінің еңбек жолы жайлы мәлімет алды. Газеттің 90 жылдық мерейтойына орай баспасөз са-

ласында газеттің дамуына зор үлес қосқан газет ұжымы мен ардагерлеріне және бұрынғы қызметкерлеріне облыстық, аудандық деңгейдегі марапаттар табысталды. «Баянтау» редакция ұжымы мерейтойларымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

Сұлужон ауылы
Турсынбекова Айым
Жас тілші

Келешегім- ядролық қарусыз

Бүкіл әлем халқына қасірет әкеліп, ананы баладан айыратын соғыс пен жойқын ядролық қару,зілзала деп білемін. Осының зардабынан қаншама бала аңырап, көз жасы көл болып, аяғымен қара жерді,тау мен тасты баса алмай, жанарымен жа-

сыл әлемді көре алмай,ол тұрмақ өзіңе өмір сыйлаған анасының ғазиз дидарын көре алмағандар қаншама дерсіз.... Осыны ойласам,бала жүрегім дірілдеп кетеді. Ядролық қару 1945 жылғы Хиросима мен Нагасакиде де болған. Осы жойқын алапат ту-

ралы қазақтың халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтың 1967 жылы жарыққа шыққан «Жапон балладасы» шығармасының орны ерекше деп ойлаймын. XX ғасырдың ең сұмдық, ең жауыз қасіреті — атом апатын әшкерелейді. Шығармада адамзат тарихында тұңғыш қолданылған атом бомбасының адам мен табиғатқа тигізген зардабы жайлы жазылған. «Арқаның әңгімесі», «Көздің әңгімесі», «Тастың әңгімесі» тура жанды сурет,қасіретті көз алдына көлбеңдетіп әкелген шындық емес пе? Ал осы жағдай 72 жыл бұрын,яғни 1949 жылы 29 маусымда Семей полигонында алғаш рет ядролық қаруды сынау кезінде де болған. Семей полигонында 500-ге жуық яғни 467 рет ядролық сынақ өткізілді. Қазақ жері,қазақ халқы қырық жыл бойы көз алдында адам өмірін жалмап жатқан аждаһаны көре тұра үнсіз қасірет шегумен келгенін тарихтан оқыдым. Кезінде ел осындай ауыр қасіретке шыдамай 1989 жылы Олжас Сүлейменов бастаған «Невада

-Семей» азаматтық қозғалысы құрылғанын біреу білер,біреу білмес.. Мұндағы мақсат:ядролық сынақты тоқтату болды. Ел қолдарына жазулар алып, сынақ жасауға қарсы екендіктерін білдіріп,жан айқайларын жеткізді. Семей полигонында өткізілген соңғы ядролық жарылыс 1989 жылдың 19 қазанында болды. Ал 1991 жылдың 29 тамызында Семей полигоны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен жабылды. Еліміз егемендігін алғаннан кейін полигонды жауып, өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан алғашқы мемлекет ретінде тарихта қалдық. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салықалы саясаты мен көрегенділігінің арқасында біз, қазақ елі — егеменді елміз, «ядролық қаруға» тыйым салған елміз, бейбітшілік пен тыныштықта еркін өмір сүріп жатқан елміз. Мен секілді жас ұрпақ бейбіт елде өмір сүріп жатқанының өзі бақыт емес пе?

№ 33 жалпы орты білім беру мектебі 9 а сынып оқушысы
Сайлаубай Бибінұр



Менің Қазақстаным

Қазақстан-менің байтақ мекенім.

Елім менің, береке-бірлік мекені!

Қазақстан- ол рухани жаңғыру, Қазақстан- елім,жерім,өркенім! Қазақстан- киелі атам екенім!

Тәуелсіздік туын көкке көтерген.

Ұлы дала тарихында тербелген,

Қазақстан бар ма? Сендей мекенім!

Қазақстан сен дегенде жүрегім, Лүгілі де,аса соққан бір сезім. Сен тарихсың,Сен әдебиет,Сен жырсың,

Жүрегінде мен сияқты сәбидің!

5 «ә» сынып оқушысы
Нұрмахина Әлия,
№ 14 ЖОМ



Біз білімді баламыз
Біз мектепке барамыз,
Кітаптан білім аламыз
Жақсы оқып сабақты,
Үлгілі бала боламыз.
Көңілді жарқын баламыз,
Тәртіпті, әдепті боламыз
Өнде айтып, би билеп,
Өнерлі болып шығамыз!

Умирзаков Арман
Ақсу қаласының №1 қазақ орта мектебінің 4 «г» сынып оқушысы

Тәуелсіздікке тарту

Ұрпағына сый берген,
Тәуелсіздік берекем!
Бірлігімді нығайтқан,
Елім менің –Егемен!
Рухты, жігерлі, айбаттым!
Еңсесі биік қайраттым!
Таң шуақты елім менің,
Арта берсін абыройың !

Еріков Шыңғысхан,
Ақсу қаласындағы №1 орта мектебінің
4 «А» сынып оқушысы



Тәуелсіздік таңы атты арайлап,
Он алтыншы желтоқсанға қарайлап
Тәуелсіздік алған еліме,
Пайдам тисін менің де,
Тәуелсіздік қазақ үшін ғажап құт,
Ғажап құтқа жүрмейді енді мазақ түк
Қосылған еді сол бір күні қазағымның бастары,
Қазағымның керемет қой дастаны !

Сетерғазыұлы Ақтілек
4 «А» сынып оқушысы,
№1 қазақ орта мектебінің оқушысы

Менің қалам

Мен Ақсу қаласында тұрамын. Бұл менің сүйікті туып – өскен қалам. Бұл қалада менің достарым көп.Қалада түрлі мәдени орындары бар. Ақсу қаласының ескерткіштері де барып көруге тұрарлықкөрнекті орындардың біріне жатады. Ескерткіш жанында көптеген үлкен шаралар өткізіліп тұрады. Мереке күндері адамдар көптеп жиналады. Сонымен бірге қаламызда саябақтар да бар. Балалар саябақта велосипедтер мен

скетбордтар теуіп ойнайды. Біздің қаланың көшелері кең,үлкен. Үлкен көшелерде субұрқақтар орналасқан. Қаламызда көптеген ұлттар мен ұлыстар тату –тәтті өмір сүруде. Қаламнан алысқа кетсем, сағынып келемін. Мен өз туған қаламды жақсы көремін.

Әмина Алпысбай
Ақсу қаласындағы
№ 1 мектептің 4 «А» сынып оқушысы

Менің Отаным

Менің Отаным-Қазақстан. Қазақстанда 19 миллионнан астам халық бар.Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болғанына 30 жыл болды. Еліміз дамыған елдердің қатарына кірді. Қазақстанның елордасы-Нұрсұлтан қаласы. Нұрсұлтан қаласы жас, өсем қала, күн сайын гүлденіп өсіп жатыр. Елордамызда әсем ғимараттар, «Бәйтерек», «Хан шатыры», «Думан» ойын-сауық орталығы бар. Мен Нұрсұлтан қаласын тек теледидардан ғана көрдім және

газет-журналдардан ғана оқыдым. Мен өскенде міндетті түрде астанамызды көремін. Евразия ұлттық университетінде оқитын боламын. Еліміздің болашағына менде өз үлесімді қосқым келеді. Мен Отанымды шексіз сүйемін.

Ақтілек Сетерғазыұлы
Ақсу қаласындағы
№1 қазақ орта мектебінің 4 «А» сынып оқушысы



№№23-24

(354-355)

от 30 декабря
2021 года

Аяз атаға хат

Сәлем, Аяз ата! Менің есімім Аиша. Аяз ата менің өте көп арман-тілектерім бар. Менің ата-анам бақытты, аман болсын, карантин тез аяқталсын. Биылғы оқу жылында мен сабағымды беске оқыдым. Мен болашақта суретші-дизайнер болғым келеді, және шахматтан әлем чемпионы болғанымды қалаймын. Аяз ата маған ғаламшар туралы кітап сыйлашы. Аяз ата, тез кел, сені барлық балалар тосып жүр!

Аиша Кенжебай

Аяз ата, қалыңыз қалай? Менің есімім Нурия. Мен барлық балалар секілді сыйлық сұрамаймын, тек қана ата-анам аман болсын, елімізді жаулаған індет тез аяқталсын. Аиша дос құрбым аман болсын. Біз Аишамен мәңгі дос болып қаламыз. Аяз ата, барлық балаларға тәтті сыйлықтар әкеліп беріңізші!

Нурия Тукебаева

Құрметті Аяз ата қайырлы күн! Мен Павлодар қаласы

Б.Момышұлы атындағы мектептің 2 «д» сынып оқушысымын. Есімім Санжар. Мен мектепте жақсы оқимын. Барлық бақлауларды үздік бағаға жаздым. Менің кішкентай бауырым дүниеге келді. Бауырыма ойыншық сұрағым келеді. Ал маған «Poppy playtime» деген ойынды әкеп бере аласыз ба? Сізге көп рахмет!

Санжар Даулетқали

Құрметті аяз ата! Сіздің жұмысыңыз өте көп, сондықтан сізге тек қана денсаулық тілеймін! Маған сыйлыққа әдемі кардиган кофтасын бере аласыз ба? Біздің елімізде тек жақсылық болсын! Сау болыңыз!

Айзере Қияш

Ардақты Аяз ата! Менің есімім Нұрали. Маған басқатырғыш және Ғарыш туралы энциклопедия сыйлыққа бере аласыз ба? Менің оқуым жақсы. Үздік оқушымын. Барлық адамдарға тыныштық тілеймін.

Мырзатай Нұрали

Шақат ЖОББМ

оқушыларының жаңа жылға тілегі

Жаңа жыл-барша адамдардың күтетін қызыққа, қуанышқа толы мереке. Жаңа жыл - отбасымен тойлайтын мереке. Әр адамда денсаулығы мықты болсын, еліміз тыныш болсын, келген жыл шаттыққа, махаббатқа, бақытқа толы жыл болсын! Әр адамның тілектері орындалсын деп тілеймін

Бидаева Бақытнұр

Мен келе жатқан жаңа жылда бүкіл адамдарға бақыт, шаттық тілеймін. Елімізге тәуелсіздігіміз берік болсын, жеріміз күннен күнге көркейе берсін!

Иманбаева Азалина

Мен 2022 жылдан мол бақыт пен мол береке күтемін. Жаман аурулардың беті қайтіп, жаңа қадамдарға аяқ басамыз деп үміттенемін. Еліміз үлкен-үлкен белестерді бағындырып талай асулардан асатынына сенімдімін.

Әлімғазы Ералы

Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз.

Рыспеков Аңсар

Интернетсіз бір күн

Жуырда елімізде белгілі бір жағдайға байланысты, интернет жүйесі істемей қалды. Бұл күндері біз отбасымызбен пайдалы іспен айналысуға бел будық. Мен ең алдымен мектептегі сабақтарымызды пысықтап, таблица жаттадым. Әкеммен шашки ойнап, ініммен сурет салдым, домбыра үйірмесіндегі алған сабақтардың күйлерін қайталап, жаттадым. Интернет жоқта өте көп пайдалы іспен айналысуға болады. Адам өз уақытын тиімді пайдаланып, әрі денсаулыққа да, көп пайдасы тиеді. Адамның миы тынығып, ең бастысы көздің көру қабілеті ұзаққа сақталады. Мен өз Отаныма тыныштық,



бірік, татулық тілеймін. Оқушылар сабақтарына алаңсыз барып келіп, отбасымызбен бақытты болайық!

**Набиев Алимжан,
«Қаламгер» студиясы**

Ғажайып сәтте

Жаңа жыл... Бұл жылына бір рет қана болатын сиқырлы әрі жұмбаққа толы мереке. Оны жер бетіндегі барлық адамдар сәбиден, қарт адамдарға дейін тағатсыздана күтеді. Жақындаған сайын қоршаған ортада өзгерістер болып, құдды күллі әлем ертегіге саяхат жасайтындай көрінеді. Ақ жамылған айнала, жасыл шырша, сыйлықтар, отшашулар бәрі осы бір атаулы күнге тән.

“Жаңа жыл-адамдарды жақындастырады” - деп бе-



кер айтпаған. Отбасыңмен, туысқандарыңмен бас қосып атап өткенге не жетсін! Жаңа жылда біздің үйден қонақ үзілмейді. Кең дастарқан басында жиналып, әңгімелесіп, қалжыңдасып, бір - бірімізге сыйлықтар сыйлап, естелік суреттерге түсеміз. Сағат тілі он екіге жақындаған сәтте құттықтап, келе жатқан жылда жақсылық көп болсын деген ізгі ниеттерін білдіреміз.

Тілегімді айтар болсам, елімізде тыныштық, әрқайсымыздың отбасымызда береке-бірлік, сенім мен махаббат болсын. Жақын адамдарымыз аман болсын. Жаңа жыл табыстан табысқа жетелейтін жыл болсын!

**Куламбаева Даяна,
Павлодар қаласы,
№7 ЖОББМ**

Аяз атамен сұхбат

Садығазин.

Аиша Кенжебай: - Сіз театрға алғаш рет қашан келдіңіз? Театрда ойнау балалық шақ арманыңыз болды ма?

Аяз ата: Мен 2005 жылдан бастап, театрға актер болып келдім. Міне биыл 16 жыл сүйікті мамандығым бойынша барша көрермендерді қуанытып келемін.

Алимжан Набиев: - Аяз ата релін қанша рет сомдадыңыз?

Аяз ата: - Сендер секілді балапандарға бақыт сыйлау менің ең жақсы көретін ісім. Аяз ата релін жылда ойнаймын.

Айзере Қияш: - Театрдағы ең сүйіп ойнайтын реліңіз?

Аяз ата: - Режиссер кейіпкерлерге пьесаның рөлдерін бөлгенде, оның түр келбетіне, мінезіне қарай береді. Әр рөлді қызығып сомдауға тырысамын. Маған барлық рөлдер ұнайды.

Ғанибек Сұлтанбек: - Балалық шақта, Аяз атаға сендіңіз бе? Аяз ата болып ойнау сізге ұнай ма?

Аяз ата: - Иә, әрине бәріміз бала болдық. Аяз атадан сыйқырлы қолдан жасалған сыйлықты мен үнемі тосатынбын. Ата-анамыз тәтті сыйлықтарды шыршаның астына тығып, бізге таңертең беретін.

Нұрали Мырзатай: - Мектепте оқып жүргенде театр студиялары-

на бардыңыз ба?

Аяз ата: - Мен мектеп қабырғасында оқып жүргенде, әкем мені өнерге жиі баулитын. Әкеміз бізді ән айту, домбырада ойнау сонымен қатар «Жылқышы биін» үйретті.

Нурия Тукебаева: - Театрда ойнау балалық шақ арманыңыз болды ма?

Аяз ата: - Иә, бұл менің балалық шағымның арманы. Балалық арманды қуып, оқуға түсіп, қазіргі таңда киелі сахнада өнер көрсетемін.

Аяулым Сұлтанбек: - Оқушы балаларға берер кеңесіңіз! Жаңа



«Қаламгер» студиясының жас тілшілері Жаңа 2022 жыл мерекесі алдында Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрына барып, Аяз атадан сұхбат алды. Бұл сиқырлы мерекеде Аяз атадан сұхбат алу оқушыларға өте қызық болған еді. Аяз ата релін сомдаған театр актері Медет



жылға құттықтау тілегіңіз!

Аяз ата: - Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Ақылды әдепті, үздік, тәрбиелі оқушы болыңдар! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Жаңа жылда көп қуанышты кездесулер болсын!





Парасатты ұрпақ-ұлт болашағы

1886 жылы жазылған Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі білмейтін жан жоқ шығар, сірә. Бірақ оның астарына үңілген жанның бұл өмірде аяғын қия баспайтыны сөзсіз болу керек деп ойлаймын.

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс, көнсеңіз – осы бір үш-ақ тармақер жанның өмірде жол сілтер шамшырағына айналса, бүгінгі таңдағы жаман кеселдер болмас еді. Отбасындағы бала үшін айна-ата-ана, мектепте-ұстаз, өз ортасында-дос екендігі мәлім. Осы үш таған, яғни, ата-ана, ұстаз, дос айналасына жiтi қарап, өзiмнен үлгi алар жанға не ұсындым... қандай тәлім – тәрбие, өнеге бердім деп бір уақыт ойланса ғой деймін, шіркін-ай. Менің бала түсінігімде қазір нағыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман. Неге десеңіз ... оны да айттайын. Біріншіден, Қаз дауысты Қазыбектің қылышынан қан тамған қалмақ ханының алдында :

«Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найза-

сына жылқының қылын таққан елміз»-тайсалмай тұрып жауап қатқанын тарихымнан білеміз. Екіншіден, төрткүл әлем танытын Қазақстан деген елім, мөлдір кәусар көл-дариядай ана тілім, аспанмен таласып желбіреген көк байрағым, айбынды елтаңбам мен әнұраным бар. Үшіншіден, Елбасымыздың көрегендігі арқасында түн ұйқымыз төрт бөлінбей, әрбір отбасы, соның ішінде мен секілді жеткіншектер де ел мәртебесін асқақтату жолында білім нәрімен сусындап, ата-бабамыздың сара жолын жалғастырып келеміз. Осындай елде тұрып жатып жемқорлық деген сөзді есту мен айтудың өзі ұят деп санаймын. Ата-бабамыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер» деген мақал-мәтелдер де осыны көрсетті, жол сілтеді емес пе?... Бүгінгі жас ертеңгі ұстаз, дiрiгер, инженер, металлург, шахтер..... Сонда деймін-ау, әркім отбасының дұрыс тәрбиесін алса, үлкенді сыйлау, ата-ананы қадірлеу, еліңді көздің қарашығындай сақтау, ар-ұяттыңды, намысыңды жоғары қою секілді құндылықтар бойына ананың ақ сүтімен, әкенің қабағымен дарыса онда келешегің

жарқын, бет-жүз ұялатын іс-әрекет жасамас еді деген ойға келемін. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі әр саланың мамандары, мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім. Тәрбие отбасынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орында, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Менің әкем құқық қорғау қызметкері болса, ал анам ұстаз. Үйде үлкенді – кішілі 3 баламыз. Ата-анам үнемі адалдық, парасаттылық, қайырымдылық туралы айтып, санамызға ел тарихы, ауыз әдебиеті, өнегелі жандардың өмір-тарихынан мысалдар келтіре отырып, майын тамызып әңгімелеп береді. Біреудің ала жібін аттама, көлденең жатқан көк жіпті де алма, дүние – байлық сусыған құммен тең, бүгін бар да ертең жоқ... деген секілді насихаттарын үнемі естіп, жадыма тоқып отырамын... Өзімді мақтағаным емес, бірақ мен өмірде тек адалдықпен жүремін. Осындай ортада тәлім-тәрбие алып жатқан мен қалайша теріс жолмен жүремін, ә.....? Ата-ана

тәрбиесін аяққа баспаймын деген шешімім бар. Ал енді қазірге кезде көп айтылып, жазылып жүрген сыбайлас жемқорлық деген не? Оның адам өміріне деген пайдасы мен зияны қандай? Осы сұрақтарға кей кезде ойланып қоямын. Мен көп жағдайда үлкен қызметте жүрген, мемлекеттік қызметкерлерді адал, еңбекқор, өтірікке жаны қас адамдар деп ойлаймын. Оған себеп үйдегі ата-анам, мені қоршаған ұстаздар мен туған-туыстарымның үнемі адал жолда жүргендері деп білемін. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевша айтсақ, «сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттар жоймай онымен алғысу», бұл – жел диірменмен алысу». Мен өз елімнің болашағын күннің нұрындай жарық, ай сәулесіндей тұнығын көргім келеді. Бала қиялы, арманы ешқашан алдамайды.

**Ленин кенті
№33 Жалпы орта білім беру
мектебі 8 сынып оқушысы
Әли Гүлназ**

Павлодар қаласы №14 ЖОББМ 6 «F» сынып оқушысы Ғалымқызы Айназдың шығармалары

Тәуелсіздік тұғырым

Алтын ғасыр, егеменді еліміз,
Өркендейді, гүлденеді, жеріміз.
Өнер, білім, спортта алда
болып,
Жарқын ғасыр болашаққа
сенеміз.

Қазақстан, ата жұртым,
мекенім.
Сені сүйіп, саған қызмет
етемін.
Көркейтіп қаламызды, дала-
мызды.
Өз елімде арманым жетемін.

Сарыарқада сәулетті бас
қаламыз,
Ұлы Жібек жолында Астана-
мыз.
Азия елдерінің бас қосатын,
Өркениет ордасы жас
қаламыз!

Жасай берсін тәуелсіздік
мәңгілік,
Көкжиектен жайма шуақ таң
күліп,
Таусылмасын мерекеміз,
әніміз.
Бабалардың рухыменен
жаңғырып.

Жер жәннаты

Көкшетау Бурабай көл саясын-
да,
Құмартай көркіңе әсем
қоясың ба?!
Жұпар иісі аңқыған жасыл
орман,
Құштарлана жұтсаңда тоясың
ба?

Қос өркеш, мақпал белдер,
биші қайың,
Бөленген алуан түрге сырлы
сайың,
Сексен көл, үш бәйтерек жы-
рын төккен,
Жүзіңе нұр құяды, жүрген
сайын.

Оқжетпес - көк жиекте биік
мұнар.
Сәулесі - Айнакөлге таққан
тұмар.
Қаланған қырлы тастан шың
басына,
Шыныққан ержүректерзорға
шығар.

Қиқулап аққу-қаздар көлді
айналып,
Жағада қыз-жігіттер, жүр ән
салып,
Елімнің қасиетті жер жәннаты,
Көркіңе, сұлу Көкше, болдым
қанық.


Мұқағали Мақатаевқа

Асқар таудың ақиықты ақыны,
Қазағымның қайта тумас ері
еді.
Алтын жаға, дулығамды
жоғалттым.
Махамбет жоқ, Махамбеттің
көзі едің.

Көп көрді ме тағдыр мынау
күніңді.
Елге тастап кеттің ауыр
жүгіңді.
Құлақ қанып, арқаланып
жүреміз.
Күй табақтан күмбірлеген
үніңді.

Өлең сөздің патшасы өзің едің,
Ұмыттырмас мәңгі жарқын
жүзіңді.
Уақыт желі құммен көше алар
ма,
Жүректерде сайрап жатқан
ізіңді.

Құтты болсын 90 жылдық
мерекенің,
Арта берсін ынтымақ,
берекеміз.
Байлығымыз тіліміз,
дәстүріміз,
Жаңғырып кеңейеді керегеміз.



Айназдың салған суреттері

Менің Қазақстаным!

Менің Қазақстаным,
Ол менің жапастаным.
Тәуелсіз елім жасай бер,
Өзіңнің арқаң бақыт құшқаным.

Томирис –батыр, патшасы
сақтардың,
Мен сондай атақты атты
алдым.
Томирестей елімді сүйіп өтем,
Қазақ елі, ұлы дала ақтаным.

Тәуелсіз ел-менің
Қазақстаным,
Елімді паш етіп, мақтанамын.
Мәңгі туың көкте желбіресін,
Елімнің туын менде көкке
көтерем.

**Қ. Бекқожин атындағы жалпы
орта білім беру мектебі
4 «Ә» сынып оқушысы
Құдайберген Томирис**

Менің Отаным

Отыз жыл, отыз жыл міне
азатпыз,
Енді міне құрсауданда босап-
пыз,
Ақтадық біз ата-баба үмітін,
Желбіреттім көк туымды
ағатсыз.

Құтты болсын, Тәуелсіздік
мерекесі,
Мықты болсын, халқымның
терезесі,
Ынтымағы берік болсын
ерқашан,

Шайқалмасын елімнің керегесі.

Жасай бер, елім
менің, Қазақстаным!
Сен деп соғар жұмыр жүрегім,
Қастерлеп, жырлап өтемөзіңді,
Тәуелсіз боп тұра бер, менің
дара –Отаным!

**Қалижан Бекқожин атындағы
жалпы орта білім беру
мектебі
1 «А» сынып оқушысы
Ақылбек Арна**



№№23-24

(354-355)

от 30 декабря
2021 года

Күзгі демалыс кезіндегі уақытта Аққулы ауданның мектеп оқушылары Елордаға экскурсияға жол тартып, қызықты және көңілді уақыт өткізді. Саяхат – аудандық білім бөлімінің жоспарының асырылуы аясында, Егеменді Еліміздің Тәуелсіздіктің 30-жылдығына орай жоспарланып өтті. Саяхатты Павлодар қаласындағы «Пять звезд» туристік агентігімен ұйымдастырылып, бағдарлама ұсынылды.

Бір күннің ішінде Сарыарқа төрінде бой көтерген өсем қаланың барлық көрікті

жерлерімен танысты. Оның ішінде Байтерек монументі, Думан ойын-сауық орталығын, ЭКС-ПО қалашығы мен Тұңғыш Президент пен ұлттық мұражайлары. Сонымен қатар, Елордадағы бірқатар музейлерді де аралады. Алғашқысы – Тұңғыш Президентке арналып ашылған Назарбаев орталығы. Оны британдық архитектор Норман Фостер салған. Жалпы Елордадағы алдыңғы қатарлы нысандардың біразын шетелдік архитектор тұрғызыпты. Мұнда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеке заттарын көру қызықты болды. Мысалы, мұражайда Нұрсұлтан Назарбаевтың инаугурация



кездерінде киген костюмдері тұр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президентіне шет мемлекет басшылары мен басқа ел өкілдерінің сыйға тартқан тартуларының галереясы орналасқан. Әсіресе балаларға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің музейін аралау қызық болды. Себебі мұнда олар Елбасының балалық және жастық шағы, еңбек жолымен жақынырақ таныса алды. Оқушылар естелік суретке түсіп, түрлі сұрақтарға жауап берді және кішігірім бейнефильмдер тамашалай алды. Оқушылар қаланы автобуспен аралап Нұр -Сұлтаннның ең көрікті жерлерін тамашалады. Біз болсақ барлығының жүздерінен қуаныш пен таңданыс белгілерін байқай алдық. 15 оқушы ата -аналар және демеушілік тарапынан демалып қайтты.

Әсем Оспанова
Білім бөлімінің әдіскері
Аққулы ауданы



- Мен Елордаға алғаш рет келіп тұрмын. Алған әсерім керемет. Қала өте әдемі. Біз түрлі мұражайларды және ЭКС-ПОН-ы араладық. Роботпен танысып, шоу тамашаладым, ғарышта болғандай әсер алдым. Өте қуаныштымын.

Ізбасқан Қамила, Лебяжі мектебі

- Мен Нұр-Сұлтанда бірінші рет емеспін. Маған бәрі өте қатты ұнады. Көптеген жағымды эмоция жинадым, жаңадостартаптым. Маған ғарыш туралы экскурсия қатты ұнады.

Жанибек Бекарыс,
Лебяжі мектебі

«Қыран» ағалар клубы ашылды

Бүгін, Тұңғыш Президент күніне және Тәуелсіздігіміздің 30- жылдығына орай Аққулы ауданының Шарбақты мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өркендеу» жобаны іске асыру мақсатында «Қыран» ағалар клубының салтанатты түрде ашылды. Клубты құрудың өзектілігі заманауи қоғамдағы ұлдардың, құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады. Мақсаты: Діни экстремизммен терроризмнің алдын алу, мектепте әлеуметтік

жағдайы төмен ұлдарды анықтау, қылмысты болдырмау, тәртіп бұзуға бейім оқушылармен жеке жұмыс жасау болып табылады. Міндеттері: Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жасұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуметтік қалыптастыру. Танымдық жұмыстарды ынталандыру. Жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Клубқа қатысатын 12-17 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар. «Қыран» ағалар клубының ашылу салтанатына ауылымыздың белсенді азаматтары Шапуов Қ.Қ.Жумабаев Е.Т. Тусупов А.Қ. Нуртаза А.Н. Есжанов Б.К. Толыбаев Қ., Ертай А.М. Кусаинов Е.Н. Мұхтар Е.Ж. қатысты.

Айгуль Сальменова
Шарбақты мектебі,
Аққулы ауданы



Туған жер

Туған жер дегеніміз – менің ойымша, бұл адам баласы туып-өскен, ата-бабалары өмір сүрген, кіндік қаны тамған жер. Туған жер – әрбір адам баласы үшін оны өткенімен және болашағымен байланыстыратын киелі жері. Әр адамның бесіктен белі шыққаннан бастап, туған жеріне, өз Отанына деген махабаты, сүйіспеншілігі пайда болады. Мен де өз Отанымды жақсы көремін.

Біздің Қазақстанымыздың жері кең байтақ, табиғаты сұлу, даласы дархан, халқы ақкөңіл, кең пейілді. Менің Отанымда көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті, бақытты өмір сүруде. Осының барлығы қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын Қазақ халқының мінезінен дарыған.

Менің кіші Отаным бұл – Павлодар облысы, Ақсу қаласы. Менің туған жерім, туған қалам күннен күнге көркеюде. Қаламызда жаңа үйлер салынып, халық саны

өсуде. Мен өз туған жерімді жақсы көремін, әрі дамуына келешекте өз үлесімді қосамын.

Туған жер алтын бесігіміз, Қазақстанымыз одан әрі көркейіп, гүлдене берсін!



Ақсу қаласының
№1 қазақ орта мектебінің
оқушысы
Серікболқызы Айсана

Ұстазым, менің ұстазым!

Мен, Ақсу қаласының №1 қазақ орта мектебінде білім алуамын. Мектептің жүрегі және басты тұлғасы ол - мұғалім. Әрбір бала сауатын ашу үшін ең бірінші ұстазға жүгінеді. Ал ұстаздың міндеті ештеңеден хабары жоқ шәкірттен тұлға дайындау.

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап құшақ жая қарсы алған аяулы жан, екінші анамыз бұл – Нургуль Казбековна Карабай. Әрбір күн өткен сайын жанымыздан табылып, әр аптаның жеті күнінде бес рет көрісіп, алғаш қалам ұстатқан асыл жан. Бізге жазуға, оқуға, санауды үйретті.

Ұстаздардың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірттері, яғни біз. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі



білімді шәкірт. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірті ұстаздың қуанышы. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Ақсу қаласының
№1 қазақ орта мектебінің
оқушысы
Калмаханова Аружан

Апта күндері

Жабақ сұрады атадан, Сүрініп келіп даладан: «Сіз келесіз бе ертең, Сәрсенбі күні, бірде?»

Қария жауап берді: «Өрине, балам!» - деді. -Сосын тағы да келер, Аптаның басқа күндері.

Бейсенбі, жұма, сенбі, Соңғы күні – жексенбі. Басында дүйсенбі бар. Сейсенбі одан табар.



Шырша келді қонаққа Жаңа жыл қарсаңында, Кім ақылды болады, Сол сыйлықты алады!

Тукебаева Нурия,
«Қаламгер» студиясы
Оқушылар сарайы



Оқушылар сарайында Тәуелсіздік құрдастарымен кездесу өтті




Белгібаева Самал Қалиқызы

2021 жыл Қазақстан үшін мерейлі жыл. 1991 жылдың 16 желтоқсаны Еуразия құрлығының дәл ортасында жаңа тәуелсіз мемлекеттің құрылуымен ерекшеленеді.

Оқушылар сарайында 2021 жылдың 3 желтоқсан

күні өткен кездесуде Қазақстан Тәуелсіздігінің құрдастары еліміздің басты мерекесіне деген көзқарастары мен жеке жетістіктері туралы айтты. Кездесудің қонақтары: «Ертіс» облыстық телеканалының тілшісі Белгібаева Самал Қалиқызы, «Банк Центр кредит» АҚ кредиттік дирекция әкімшілігінің жетекшісі



Садықов Еркебулан Темірболатұлы

Хақимов Бахтияр Назарович, Павлодар қаласы «№4 арнайы мектеп – интернатының дефектолог-мұғалімі Бодак Кристина Викторовна, Тереңкөл ауданы, Агзам Текенов ат. ЖОМ-нің директоры Садықов Еркебулан Темірболатұлы болды. Тәуелсіздік құрдастары 30 жыл ішінде өмірде біршама жетістіктерге жетіп үлгерді. Кездесуге келген қонақтар облыс мектеп оқушыларымен жетістіктерімен бөлісіп, олардың кәсіби өсулері туралы әңгімеледі. Барлық оқушылар сұрақтар қойып, баға жетпес ақыл-кеңестер мен тілектерін алды. Қонақтар оқушыларға кітапты көп оқуға, алдарына биік мақсаттар қойып, армандарға жетуге тілек білдірді.

- Тәуелсіздік құрдастары – жас қазақстандықтар елдің азат рухын бойына сіңіріп, өздеріне жүктелген жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқарады, болашаққа нық сеніммен қарайды, - деді кездесуді ұйымдастырушы Асем Аипова.



Хақимов Бахтияр Назарович



Бодак Кристина Викторовна

Тәуелсіздіктің төл құрдасымын

1991 жылдың 16 желтоқсаны – барша қазақстандықтардың ең бақытты, аңсаған арманына жеткен күні, тәуелсіздіктің таңы атқан күн. Мен де осы тәуелсіздіктің куәгері ретінде осы жылы Павлодар облысы, Екібастұз қаласында дүние есігін аштым. Тәуелсіздіктің төл құрдасымын. Содан бері тәуелсіз Қазақстанмен бірге өсіп, бірге ер жетіп, жігер-қайратымызды жандандырып,



күннен-күнге гүлденіп, көркейіп келеміз. Мен өзімді егемен елде, тәуелсіздіктің таңы арайлап атқан бақытты Қазақстанда туғанымашексіз қуанамын. Тәуелсіздіктің төл құрдасы болу пешенеме жазылғанына мақтанамын. Міне, содан бері 30 жыл сырғып өте шықты. Азаттықтың арқасында біз бақытты балалық шақта өсіп, алаңсыз білім алып, шаттыққа толы студенттік өмірді көріп, қазір еш уайымсыз ашық аспан астында берекелі де мерекелі ғұмыр кешудеміз. Ата-бабамыз арман еткен «ағаштан бал», «шөптен сүт» ағылып жатқан заманның құрдасымыз, егемендіктің биігінде самғаған еркіндіктің құсымыз. Осының бәрі – ата-бабаның қанымен, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келді. Сондықтан да біз олардың алдында мәңгілік қарыздармыз. Ел-басымыз «Болашақ – жастардың қолында» деп жиі айтады, бізге

үлкен сенім артады. Сол келмел келешекті жасайтындар – «Тәуелсіздік құрдастары». Жастар саясатын жүзеге асыруда барлық жағдай жасалуда. Осы жылдары мен көптеген жетістіктерге қол жеткіздім. Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Шикылдақ ауылында Комсомол ЖОББМ аяқтаған соң, жоғары оқу орнына түстім. Қолыма дипломымды алып алғаш еңбек жолымды Екібастұз қаласында «Золотая рыба» балабақшасында тәрбиеші болып бастадым. Қазіргі таңда Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Сұлжон ЖОББМ-де бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеймін. Ендігі мақсат – бел шешпей еңбек етіп, Тәуелсіз Қазақстанымызды Мәңгілік елге айналдыру. Тәуелсіздіктің құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаным! Әрбір қазақ баласы өз Отанын шексіз сүйе білуі, ел жолында



аянбай тер төгуі тиіс. Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгілік жасай берсін, жайнай берсін!

**Сұлжон ауылы
Бахыт Багисова**

Менің Қазақстаным!



Қазақстан-менің байталық мекенім,
Қазақстан достық, бауыр мекені.
Қазақстан- ол рухани жаңғыру,
Қазақстан елім, жерім, өркенім!
Қазақстан- тәуелсіздік мекенім,
Тәуелсіздік туын көке көтердім,
Ұлы дала тарихында із салған,
Қазақстан бар ма? Сендей мекенім!
Қазақстан сен дегенде жүрегім,
Лүпілі де, аса соққан бір сезім.
Сен тарихсың, Сен әдебиет, Сен жырсың,

Жүрегінде мен сияқты сәбидің!
Көкбайрағы желбіреген көгінде
Қазақстан сенің биік тұғырың.
Тәуелсіздік бұл ел үшін азаттық,
Сан ғасырлар арманы ғой халқымның.
Қазақстан әлем сені таныды,
Тәуелсіздік сенің биік мәтребен.
Тәуелсіздік менің Ұлы мақтаным,
Қазақстан менің құтты мекенім!

Ақынға арнау

(сүйікті ақынға арнау)

- Сөзінде салмақ, рух, мән болатын,
Абайдан қуат алған заңғар ақын.
Жырымен жүректерден орын алған,
Алашқа әйгі болған Мағжан атың.
2. Өбектеп өлең атты жауһарыңды,
Атырдың жыр жазумен әр таңыңды.
Қолға алсам қуаттанам, шабыттанам
Алғашқы жыр жинағың – «Шолпаныңды».
- Тербеткен жыр бесігін, ән бесігін,
Саялы Солтүстіктей тал бесігін.
Жыр сүйер елің барда, жерің барда,
Қазақта ұмытылмайды мәңгі есімің.

Жыр бейне

Өмір жолың өлеңмен жолданытын,
Тарихта тағылым боп қалған атың.
Бар Алаштың айналған сәулесіне
Жұлдыздай жарқыраған Мағжан ақын.
Шын батырсың, сарқылмас айбат шері,
Тұтқында ұстаса да байлап сені.
Елім, жерім, қазағым деп туладың
Ұлтымның ұмытылмас қайраткері.
Еш мойымай төксе дағы аспан мұз,
Болашақты жарық күнге ба-стармыз.
Айбаттанған, қайраттанған барыстай
Біз сөнбейтін, Мағжан сенген жастармыз!

**Нұрмахина Әлия,
5 «Ә» сынып оқушысы
№ 14 ЖОМ**



№№23-24

(354-355)

от 30 декабря
2021 года

Барыс – қоян жылынан бұрын, сиыр жылынан кейін кіретін жыл. Қазақтың жыл санауы бойынша 2022 жылы барысжылы кіреді. Әр жылдың өзіне тән мінезі, ерекшелігі

бар. Қазақтажылқайыру, яғни, санау он екіжылдан тұрады. Он екіжылды ата-бабамыз бір мүшелдеп білген. Бір мүшелдің жылдары он екі түрлі аң мен жануардың атымен аталған.

Барыс сақтардың ұғымында қасиетті аң болған. Қазақ халқының жорамалдарында Барыс жылы күрделібет бұрыстаралдындағы тыныштық жылы деп саналған.

Барыс жылы туғандардың табиғи белгісі – ағаш. Барыс жылғылар өте мықты, қажырлы, шынайы, жомарт болып келеді.

Жаман қасиеті: тынымсыз, өз басын ойлап қалған өзімшілдеу. Барыс жылы қиындық пен қуанышқа, ауыртпалық пен жақсылыққа толы жыл. Дегенмен, бұрындары тарихта барыс жылына қатысты елеулі оқиғалар болмаған. Сол себепті барыс жылын қазақтар жайсыз жыл деп санамайды.

**Тоқты (21.03 – 20.04)**

Жыл басында тоқтылар өздерін әлсіз сезінуі мүмкін. Айналадағылардың бәрі қарсы тұрған дәйкерінеді, шын мәнінде, олай емес. Сұлулыққа рап тұрған адамның көзінде дейді. Елдің шабуылына жауап беруге іштей дайын жүрсеңіз, олар расымен де сізге тиісе бастайды. Барлығына жеңіл қарауды, адамдарға сенім артуды үйреніңіз.

Арыстан (3.07 – 21.08)

Жылдың алғашқы жартысында өзіне және өзін өзгертуге мән беру керек. Шаш үлгісін өзгертуге, диетаға отыруға ең қолайлы ай. Ай соңында сәттіліксізденері сай налуы мүмкін. Оған бола уайымдамаңыз, сәттілік қайта серігіңіз болып, ақша табу үшін жаңа ниша табасыз.

Мерген (23.11 – 21.12.)

Мергендер айдың көп бөлігін оңашада өткізгені дұрыс. Аздап жеке өмір сүру ішіңізде болып жатқан дүниелерді анықтап, маңызды істерді алдыңғы орынға қоюға көмектеседі. Сондай-ақ потенциалыңызды ашуға кедергі келтіріп жүрген ішкі қорқыныштарыңыздан арыла аласыз. Таңдау жасайтын сәт келгенде ішкі түйсігіңізге құлақ асыңыз.

Балықтар (19.02 – 20.03)

Келер жыл ғашықтық сезімін бастан өткеріп жүрген балықтар үшін оңайға соқпайды. Олардың бар ойы сүйікті ісінің ыңғайы болмақ. Алайда бірінші кезекте өзіңізді ойлауға кеңес беріледі. Осы айда байып кетуге мүмкіндігіңіз жоғары. Ол үшін алдымен серігіңізден ажырап, іске кірісу керек. Дана болыңыз. Өміріңіздің тек бір саласын таңдаудың қажеті жоқ. Жеке өмір мен жұмыстың арасында үндестік табуға тырысыңыз.

ЖҮЛДЫЗ ЖОРАМАЛ**Торпақ (21.04 – 21.05)**

Алдағы жыл торпақтар үшін инвестиция айы болмақ. Бұл белгі иелері болашақта жақсы табыс алып келетін жеке ісін ашуы мүмкін. Алайда осы ай уайым алып келуі де ғажап емес. «Қолымнан келмейді» деп көрінуі мүмкін. Алайда бұл бар болғаны ешқандай негізсіз жоқшылық қыныштарғана.

Бикеш (22.08 – 23.09)

Бикештер үшін маңызды ай. Ойдағының бәрін жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Алайда ол үшін қажырлы еңбек қажет. Бұл белгі иелері бұған тек қуанады, себебі тағдырдың сыйларын қашанда қырағы көзбен қабылдайды. Тағы бір атап өтетін жайт, алғашқыда сәтсіздікке тап болсаңыз, салыңыз бірден суға кетпесін.

Тауешкі (22.12 – 20.01)

Тауешкілер үшін бұл ай оңайға соқпайын деп тұр. Тағдыр тағы да сіздің төзімділігіңізді сынайды. Жоғарғы күштер сіздің биік шыңға шығатыныңызға, алайда оған бойыңыздағы жалқаулықтың кері әсері тиіп тұрғанына сенімді. Ай соңында қомақты қаржыға ие болуыңыз мүмкін. Ақшаны ақылмен жұмсауға кеңес беріледі.

Шаян (22.06 – 22.07)

Шаяндар шарықтауға дайын болсын. Бар потенциалыңызды жүзеге асыруға болатын уақыт келді. Шабыт пен шығармашылық бойыңызды билеп, бұл көңіл-күй өз ісіңізді табуға немесе мансап баспалдағымен көтерілуге көмектеседі. Бірақ тек жұмысыңыз өзіңізге ләззат сыйлаған жағдайда ғана.

Таразы (24.09 – 23.10)

